

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ТАНЫМДЫҚ,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

№ 40

Ақпан

№ KZ07VPY00055581

Ulaǵatty ustaz

2023 жыл

Журнал 2022 жылы Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінде тіркелді.
Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.

Меншікті иесі: «Даму» Республикалық ғылыми-практикалық педагогтар шығармашылығын дамыту орталығы "Үздік мұғалім методикасы"

Журнал айына екі рет шығады

№ KZ07VPY000555

Бас редактор: Назгул Жолтаева 8707 177 71 08

Ақылдастар алқасы:

Қайыржанова С.Е., педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Дубин С.Н., психология ғылымдарының докторы, доцент

Бекжігіт С., филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Әбіл Е.А., тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Джорабекова А.М., педагогика ғылымдарының докторы, профессор
(Бішкек қ., Қырғыз Республикасы)**

Ким.Н.П., Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Султанбаева Г.С., саяси ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)

Крымов А.А., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Рязань қ.)

Татарян В.Г., заң ғылымдарының докторы, профессор (Мәскеу қ.)

Редакцияның мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 050008 Алматы қаласы

Авторлық редакциямен жарыққа шықты

ҚАЗАҚ САЛТЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІН ҚОЛДАНУ



Елюбаева Айткуль Амангельдыевна
Түркістан облысы Төлеби ауданы, Ленгер қаласы,
Жыланбұзған жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

Абайдың қарасөздері – қазақ әдебиетіндегі дара туынды. Ұлы Абайдың әр сөзі – біздің рухани байлығымыз, әрбір пікірі – күнделікті өміріміздің төрешісі.

Қарасөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қара сөзбен жазылған еңбек. Абай Құнанбайұлының 1890-1898 жылдар арасында жазылған 46 қарасөзі бар. Жалпы қарасөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратыны –

Қырық алтыншы сөз. Ол тарихтық мақала - очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты.

Қарасөз – арабтың «ғаклия» деген сөзімен мәндес. Ғаклия көркем сөз, дана сөз, асыл сөз деген мағынаны береді.

Абайдың қарасөздері гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары, дін туралы пікірімен бірігіп, тұтас қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды, көркем сана мен философиялық сананы ұштастырған. Абайдың қарасөздері адамзат баласына ортақ сөз. Қарасөздері алғаш рет Семей қаласында 1948 жылы «Абай» журналында жарық көрді. Абайдың қарасөздері орыс, қытай, француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

Жалпы саны қырық бөлек шығарма Абайдың қарасөздерінің өзіне тән ерекшеліктері: көлемі шағын, бірақ мазмұны бай, сөзге сараң мағынаға терең болып келеді. Абай өз сөздерінде не мәселені қозғаса да, қандай пікір айтқаны келсе де, нақты ойын белгілі бір жүймен баяндап, желімен жеткізіп отырмайды, құбылтып кете береді, біресе өзімен өзі сөйлеседі, біресе оқушымен кенесіп кетеді, енді бірде тосыннан сұрақ қойып, соған жауап беріп жатады.

Абайдың өлеңдері сияқты, қарасөздерінен де оның өзін қоршаған өмір шындығына көзқарасы, дүние тануы аңғарылып отырады. Өйткені ол мұнда тек жеке адамның мінез- құлқын түзеуге арналған жайлар ғана емес, зор қоғамдық мәні бар, күрделі мәселелерді де қамтиды.

Жалпы алғанда Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінше бір бөлек, бір алуаны боп саналады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді.

Қарасөздің басты ерекшеліктерін М.Әуезов дәл айтқан: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет толғау тәрізді».

Абай тағылымы, Абай қарасөздерімен тәрбиелену – барашамыздың міндетіміз.

«Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінез қайсы десек, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші- қон болса, дау-жанжал болса, биік соларда болады екен... Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң ел жаксылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтпеді?»

Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруак шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түтел болса, төбедегі келеді» десіп.

Кәнеки, осы екі мінез қайда? (39-шы қарасөзден)

Осы екі мінездің дәл бүгін бәрінен де керегірек болып тұрғанын қалай ғана мойындамассыз...

Абайдың 150 жылдық тойында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев былай делі:

«Абайдың армандары – тек ғана бір ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар.

Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес болып тиіп отыр.

Өйткені, біз осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде алғіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек бізбіз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауыпкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял болып қалмай, нақты шындыққа, нақты болмысқа айналар-айналымы мына біздерге байланысты».

Шындығында да, бәрі де өзімізге байланысты. Абайдың сол кездің өзінде-ақ айтқан ұлағатты сөздері бүгінгі күні шындыққа айналып отыр.

Ақын бірінші қарасөзінде «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - демей ме.

Ғылым жолына түсіп, ақындықты мұрат еткен Абайды сонда толғандырған не екен десек «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» болыпты. Ұйқысын сергітіп, арманын ұлғайтқан қалың елі қазағымның тағдыры екен. Халқын шексіз сүйе отырып заманының «шайтан өрнек тауып бұзылғанын», «терін сатпай, телміріп көзін сатқанын» замандастарының бишаралығына күйіне отырып, замандастарына жақсы мен жаманның, алыс пен жақынның нарқын ажыратып беріп, заманды, оның адамын түзетудің жолын көрсетеді. Ол – адал еңбек етіп, ғылым тану, адам болып сөзді ұғу, ел бірлігі достық, махаббат, өнерді сүю «толық адам болу», азаматты сүю, жаратылысты, жаратушыны тануға ұмтылу жолдары.

Сондықтан ақынның қарасөздерін өз дәрежесінде түсіну және оны заманымыздың талабына сай кейінгі ұрпақтарға баяндай білу – оңайлықпен қолға түспейтін жайт. Өйткені, қарасөздердің мән-мазмұны ғасырлар бойы жаңаруда. Сондықтан әрбір сабақта оқыту әдісін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың ой-өрісін тереңірек дамытуға мүмкіндік туады. Оқыту әдісін тиімді қолдану, әрбір қарасөздің түпкі мағынасын толықтай түсіну оқушылардың зерде-зейінін арттырады. Осы орайда замана жылжып, өмір озған сайын оқыту әдісінің белсенді түрлерін шығармашылық жолмен зерттеп табу мақсат етіледі. Мұның нәтижесінде оқыту әдісінде маңызды өзгерістер болады.

Абай қарасөздерінің тәлім-тәрбиелік мәнін оқушыларға тиянақты жеткізу – бүгінгі күннің көкейтесті мәселерінің бірі. Демек, қай жағынан алып қараған күнде де Абай қарасөздерінің көтеріп отырған тақырыбы бүгінгі күн үшін өзекті болып табылады.

Абайдың дарқан даналығының ең басты бастау көзі – «Қалың елім, қазағымның» тарихи тәлім-тәрбиелік аса бай қазынасында жатыр. Ол – өз жұртының, рухани мол мұрасындағы жақсылықты, адамгершілік қасиетті сүйсіне жырлаған, жамандықты ашына жазған, жақсы үлгісінен өнеге алуды үлгі еткен.

Ақын қарасөздерінде адам бойындағы ізгі қасиеттерді анықтап көрсетіп қана қоймай, олардың өзара қарым-қатынасын, басқа адамгершілік қасиеттерімен байланысын кең зерттеп толғайды. Бұл орайда «Он төртінші сөз», «Он бесінші сөз», «Он жетінші сөз» жүйелерінде айтылған.

Адал еңбек етіп мал табу, ерінбей-жалықпай ғылым үйрену қажеттігі туралы ойын

«Оныншы сөзінде» басқа бір қырынан келіп бала тәрбиелеу мәселесіне жалғастыра өрістетеді.

«Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе

– күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Абайдың бұл әңгімелерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндірісі аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім-білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс алды - тірлік» дейді. Ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар... Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қырудан, қызмет қырудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады... Тірлік олар емес, көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады, өзі тірі болса да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Ал еңбекпен ерінбей мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақ бас, Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп пәлелеу, ауызбірліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен туатынын дәлелдей келіп, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, кейінгі ұрпақтар үшін құндылығы да осында.

Қорыта келгенде, Абайдың қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз.

Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты туған шығармаларды көрдік. Қарасөздердің бағасы – Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. Рас, біздің заманымыз үшін Абай сынап, суреттеп отырған ортаның барлық болмысы, барлық дерті және Абайдың сол ортада отырып, күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары, кейбір ұсыныс ойлары – бәрі де ескірген. Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық орта мен қоғамдық шындықтар мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қарасөздердің арманы мен мазмұны, мұраттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек. Екінші - Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар. Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қарасөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол – Абайдың осы қарасөзді жазған тілі. Өлең

сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді. Біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихы жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетінде анық биік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012.
2. Запков Л.В. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 1990-98-115.
3. Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста. Сост.Л.А.Венгер, О.М.Дьяченко. –М: Просвещения, 1989-212.